



«Жүректен шыққан сөз жүрекке жол табады»

Науаи





12.12.12

**Жай бөлшектерге есептер
шығару**

Мақсатымыз: «Жай бөлшектер», «Жай бөлшектерді қысқарту», «Жай бөлшектерді қосу» тақырыптары бойынша алған білімімізді жинақтап, қорытындылау, есеп шығаруда қолдану





1-сұрақ

2-сұрақ

3-сұрақ

4-сұрақ

5-сұрақ

6-сұрақ

7-сұрақ

8-сұрақ

9-сұрақ

Қандай бөлшек дұрыс
бөлшек деп аталады?

Алымы бөлімінен кіші
бөлшек дұрыс бөлшек деп
аталады



Қандай бөлшек бұрыс
бөлшек деп аталады?

Алымы бөлімінен үлкен, не
тең болатын бөлшек дұрыс
бөлшек деп аталады



Бөлімдері бірдей жай
бөлшектердің қайсысы
үлкен?

Бөлімдері бірдей
бөлшектердің қайсысының
алымы үлкен болса, сол
бөлшек үлкен



Аралас сан бұрыс бөлшек түрінде қалай жазылады?

- 1) Аралас санның бүтін бөлігін бөлшек бөлігінің бөліміне көбейту керек;
- 2) Шыққан көбейтіндіге бөлшек бөлігінің алымын қосып, алым ету керек;
- 3) Бөлшектің бөлімін өзгертпей, бөлім етіп қалдыру керек.



Бұрыс бөлшек аралас санмен қалай жазылады?

- 1) Бөлшектің алымын бөліміне бөлу керек;
- 2) Толымсыз бөлінді аралас санның бүтін бөлігі болады;
- 3) Қалдық бөлшек бөліктің алымы, ал бөлгіш бөлімі болады



Бөлімдері бірдей бөлшектерді қалай қосамыз?

Бөлімдері бірдей бөлшектерді
қосқанда олардың алымдарын
қосып, алым етіп, ал бөлім
етіп, сол бөлімнің өзін қалдыру
керек



Санның бөлшекпен берілген бөлігін табу үшін не істейміз?

Санның бөлшекпен берілген бөлігін табу үшін, санды сол бөлшектің бөліміне бөліп, нәтижесін бөлшектің алымына көбейту керек



Бөлшекпен берілген бөлігі бойынша санды қалай табамыз?

Бөлшекпен берілген бөлігі
бойынша санды табу үшін,
бөлшекке сәйкес санды
бөлшектің алымына бөліп,
нәтижесін бөліміне көбейту керек




Бөлшектің негізгі қасиеті

Егер бөлшектің алымын да,
бөлімін де бірдей натурал
санға көбейтсек немесе
бөлсек, онда оған тең алынады



1 тапсырма.

Сурет бойынша аралас сан құрап, оны бұрыс бөлшекке айналдыр.



2 тапсырма. Мына берілген жай бөлшектерді атап шық. Қандай бөлшек екенін анықта.

$$\frac{1}{4}; \quad 2\frac{2}{3}; \quad \frac{7}{7}; \quad \frac{11}{9}; \quad 5\frac{1}{8}; \quad \frac{12}{57}; \quad \frac{13}{11};$$
$$\frac{81}{100}; \quad \frac{6}{5}; \quad \frac{23}{15}; \quad 17\frac{1}{2}; \quad \frac{17}{15}; \quad \frac{88}{88}; \quad \frac{33}{95}.$$



3 - тапсырма. Бірнеше мемлекеттің тулары көрсетілген. Олар бірдей бөліктерге бөлінген. Сұрақтарға жауап бер:



1. Австрия елінің мемлекеттік туының қандай бөлігінің түсі ақ?
2. Украина елінің мемлекеттік туының қандай бөлігі көкшіл?
3. Бельгия мемлекетінің туының қандай бөлігінің түсі қара?
4. Индонезия елінің мемлекеттік туының қандай бөлігі қызыл түспен бейнеленген?
5. Көршілес Ресейдің мемлекеттік туының қандай бөлігінің түсі көк?



Математикалық диктант:

1. Жай бөлшектерді жазыңдар: төрттен үш, оннан жеті, жиырма тоғыздан жүз он сегіз, мыңнан жүз жиырма үш, тоқсан бірден алты жүз жиырма төрт.
2. Бөлшектерді жазыңдар: а) алымы 3, ал бөлімі 7; ә) бөлімі 12, ал алымы 19.
3. Бірінші тапсырмада жазылған бөлшектерден дұрыс бөлшектерді көшіріп жазыңдар.
4. а) бөлінгіш 3, бөлгіш 4; ә) бөлгіш 7, бөлінгіш 5 бөлінділерін бөлшек түрінде жазыңдар.
5. Алымы бөлімінен 2-ге үлкен үш бөлшек жазыңдар.
6. Бөлшектерді қосуды орындаңдар:
 $\frac{5}{9}$ және $\frac{4}{9}$

Өзінді-өзін тексер:

1. Жай бөлшектер: $\frac{3}{4}$, $\frac{7}{10}$, $\frac{118}{29}$, $\frac{123}{1000}$, $\frac{624}{91}$

2. Бөлшектер: $\frac{3}{7}$, $\frac{19}{12}$

3. Дұрыс бөлшектер: $\frac{3}{4}$, $\frac{7}{10}$, $\frac{123}{1000}$

4. а) $\frac{3}{4}$ ә) $\frac{5}{7}$

5. $\frac{5}{3}$, $\frac{9}{7}$, $\frac{13}{11}$

6. $\frac{5}{9} + \frac{4}{9} = \frac{9}{9} = 1$





Sepzimy

cəmi

0éçleioóéa * eî-èà.rlv